



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 39 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 22 сәуірде № 36009 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылыс министірлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және ирригация министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология және табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 21 сәуірдегі
№ 39 Бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Медициналық қалдықтар жөніндегі ақпаратты беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-219/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 21704 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 9-бабының 13) тармақшасына және 100-бабының 7-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық қалдықтар жөніндегі ақпаратты беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Медициналық қалдықтар жөніндегі ақпаратты беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 100-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленген және медициналық қалдықтар жөніндегі ақпаратты беру тәртібі мен мерзімділігін айқындайды."

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қалдықтардың меншік иелері Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 319-бабына және 30-тарауына сәйкес медициналық қалдықтар жөніндегі ақпаратты Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрына енгізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға медициналық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы жыл сайынғы есеп (бұдан әрі – есеп) түрінде береді."

2. "Йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-228/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21720 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және сату қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және сату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және аумақта йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және өткізу тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының аумағына йодталмаған ас тұзды әкелуге, өндіруге және өткізуге:

1) "Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № ҚР ДСМ-36 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22673 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-36 бұйрығы) сәйкес өндірісінде йодталмаған ас тұзы пайдаланылатын тамақ өнімінің жекелеген түрлерін өндіру үшін;

2) йодталған тұзды қолдануға қарсы көрсетімдері бар адамдар үшін жол беріледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Йодталмаған ас тұзын өндіру № ҚР ДСМ-36 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады."

3. "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-275/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21822 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Сәулелену көздерін тасымалдауға арналған көлік құралдары "Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды және радиоактивті қалдықтарды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 28 мамырдағы № 183 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22905 болып тіркелген) сәйкес жүктің радиациялық қауіптілігі белгілерімен, сондай-ақ сигналдық түстермен жабдықталады."

4. "Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-276/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21804 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 11) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізілімін жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.";

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) сәйкес бекітілген нысан бойынша ресімделген химиялық және биологиялық заттарды санитариялық-эпидемиологиялық сараптау нәтижелері.".

5. "Санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесі құжаттарын әзірлеу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-297/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21854 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

""Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 94-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесі құжаттарын әзірлеу және бекіту қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесі құжаттарын әзірлеу және бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 94-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесі құжаттарын (бұдан әрі – құжаттар) әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін айқындайды.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган құжаттардың Қазақстан Республикасы Әділет министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 5 шілдедегі № 464 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33048 болып тіркелген) Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және мемлекеттік тіркеу қағидаларында беглігенген заң техникасына сәйкестігін қамтамасыз етеді.".

6. "Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-301/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21862 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 9-бабының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 9-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтауға сараптама жүргізу тәртібін айқындайды."

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. КПСК-ның кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысы сараптамасын айқындауы қиын болған жағдайда немесе жұмыскердің, жұмыс берушінің, сақтандыру компаниясының КПСК-ның қорытындысымен келіспеуіне байланысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабына сәйкес өтінішті қарау мерзіміне сай пациенттің медициналық құжаттарын кәсіптік денсаулық клиникасы Республикалық кәсіптік-патологиялық шиеленіс сараптау комиссиясына (бұдан әрі - РКПШСК) қарауға жібереді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. РКПШСК Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабына сәйкес мерзімде құжаттарды қарайды. Қажет болған жағдайда аурулардың бейіні бойынша дәрігерлерді отырысқа шақырады, ұйымдардан сараптама жасау үшін қажетті құжаттарды сұратады."

7. "Қарсы профилактикалық егулер жүргізілетін инфекциялық аурулармен ауыратын науқастарға қатысты санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 2 ақпандағы № ҚР ДСМ-13 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25157 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

"Қарсы профилактикалық егулер жүргізілетін инфекциялық аурулармен ауыратын науқастарға қатысты санитариялық-эпидемияға қарсы және

санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қарсы профилактикалық егулер жүргізілетін инфекциялық аурулардың жағдайлары "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 105-бабының 2-тармағына сәйкес эпидемиологиялық тергеп-тексеруге жатады."

8. "Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ-32 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22595 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 95-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:".

9. "Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № ҚР ДСМ-36 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22673 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Санитариялық қағидаларда осы бөлімде арнайы айқындалмаған терминдер "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс), Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген Кеден одағының "Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінде (бұдан әрі – 021/2011 КО ТР) және тамақ өніміне қолданылатын Одақтың техникалық регламенттерінде белгіленген мәндерде пайдаланылады.";

188-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"188. Дайындаушы (дайындаушының уәкілетті адамы) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін тамақ өнімін, оның ішінде жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімін өндіруді, оның айналымы процестерін (сатыларын) дереу тоқтатады, сондай-ақ егер тамақ өнімінің қауіпті сипат алуына әкеп соққан бұзушылыққа жол берілген жағдайда, "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және

гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнімді (тауарды) алып қоюды және кері қайтарып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 39 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34650 болып тіркелген) сәйкес оны сауда объектілерінен алып қоюды және (немесе) кері қайтарып алуды, өнімді өндірістен алуды қамтамасыз етеді, тиісті сараптама жүргізіліп, содан кейін оны Кәдеге жарату және жою қағидаларына сәйкес кәдеге жарату немесе жою ұйымдастырылады."

10. "Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіруге, өткізуге және сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 маусымдағы № ҚР ДСМ-53 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23184 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді өндіруге, өткізуге және сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

2-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Санитариялық қағидаларда осы тарауда айқындалмаған терминдер "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс), "Парфюмерлік-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінде (бұдан әрі – КО ТР 009/2011) белгіленген мәндерде пайдаланылады.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. 009/2011 КО ТР талаптарына сәйкес келмейтін, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен ПКӨ-ы "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнімді (тауарды) алып қоюды және кері қайтарып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 39 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34650 болып тіркелген) Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнімді (тауарды) алып қоюды және кері қайтарып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес алып қоюға жатады."

11. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсат беру құжаттары болған кезде объектіні пайдалануға жол беріледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Объектілердің құрылысына жер учаскесін таңдау кезінде алаң "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабы 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер (бұдан әрі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер) талаптарымен айқындалады.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны, МДҰ-ның оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында белгіленеді".

12. "Иммунологиялық дәрілік препараттарды (иммундық-биологиялық дәрілік препараттарды) сақтауға, тасымалдауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № ҚР ДСМ-62 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23627 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Иммунологиялық дәрілік препараттарды (иммундық-биологиялық дәрілік препараттарды) сақтауға, тасымалдауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ИДП-ны сақтауға арналған қойманы орналастыруға, жылытуға, желдетуге, жасанды және табиғи жарықтандыруға қойылатын талаптар "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 95 бабының 1-тармағына және осы Санитариялық қағидаларға сәйкес бекітілетін халықтың

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қамтамасыз етіледі."

13. "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Мектепке дейінгі ұйымдардың, компьютерлік сыныптардың, мамандандырылған медициналық және стоматологиялық кабинеттердің, шаштараздардың, кір жуатын орындардың, бассейндердің, оқу-өндірістік шеберханалардың, тамақтану объектілерінде бекітілетін санитариялық қағидалардың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080 болып тіркелген) Санитариялық қағидалардың,) "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы, "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26866 болып тіркелген) бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 26 шілдедегі № ҚР ДСМ-67 бұйрығымен бекітілген "Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28925 болып тіркелген), гигиеналық нормативтердің талаптары (бұдан әрі – нормалау құжаттары) қолданылады."

14. "Адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 6 тамыздағы № ҚР ДСМ-79 бұйрығына (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23897 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерімен жұмыс істеу жағдайларына, адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерін орналастыруға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайды."

15. "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24066 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалар (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау

министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және зираттарды, жерлеу мақсатындағы объектілерді жобалауға, күтіп-ұстау мен пайдалануға, мәйіттерді жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға және діни объектілерде шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2) және 9-3) тармақшалармен толықтырылсын:

9-1) колумбарий – қайтыс болған адамдарды кремациялаудан кейінгі күлі бар урналарды сақтау орны;

9-2) колумбарий қуысы – жерлеу урнасы орнатылатын колумбарийдегі ұяшық;

9-3) крематорий – қайтыс болған адамдарды кремациялауға (өртеуге) арналған пештермен жабдықталған технологиялық кешен;"

4-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабық зираттар мен жерлейтін мемориалдық кешендер үшін бірінші тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, спорттық-сауықтыру және санаториялық-курорттық аймақтарға дейінгі қашықтық кемінде 100 метрді құрайды.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Эксгумацияланған қалдықтарды тасымалдағаннан кейін көлік "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-114 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25151 болып тіркелген) талаптарына сәйкес дезинфекциялауға жатады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Ауа температурасы мен ылғалдылығының оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін ауа ортасын желдету және баптау жүйелеріне ревизия (тазалау, жуу, дезинфекциялау, сүзгілерді ауыстыру) "Желдету мен ауаны баптау жүйелерін дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ҚР ДСМ - 95 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24230 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 4-тараумен толықтырылсын:

"4-тарау. Крематорийлер мен колумбарийлерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар.

34. Колумбарийлер мен қайтыс болған адамдардың күлі бар урналарды жерлеуге арналған қайғы қабырғаларын арнайы бөлінген жер учаскелеріне орналастырылады.

Колумбарийлер мен қайғы қабырғаларын зираттар аумағынан тыс жерлерде тұрғын үйлерден, емдеу, балалар, білім беру, спорттық-сауықтыру, мәдени-ағарту мекемелерінің, бау-бақша серіктестіктерінің, коттеждік құрылыстардың, халықты әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің аумақтарынан кемінде 50 м қашықтықта оқшауланған жер учаскелерінде орналастыруға жол беріледі.

35. Кремациядан кейінгі қалдықтарды (күлді) урналарға жерлеуге колумбарийлерде және қабірлерде жүзеге асырылады.

36. Крематорийлер және колумбарийлер құрамында үй-жайлардың мынадай топтары көзделеді:

1) тамбуры, вестибюлі, тоңазытқыш камерасы бар қайтыс болған адамдарды қабылдау үй-жайлары және қайтыс болған адамдарды кремациялауға дейін сақтауға арналған үй-жайлар;

2) қайтыс болған адамдарды кремациялауға, кремация залы, кремацияланған қалдықтарды өңдеу үй-жайы, күлі бар урналар қоймасы, газ тазарту үй-жайы, жөндеу шеберханасы, инженерлік-техникалық қызмет үй-жайлары, санитариялық-техникалық үй-жайлары, демалыс және психологиялық тұрғыдан жеңілдену бөлмесі бар өңдеуге және сақтауға арналған үй-жайлар.

37. Крематорийлердегі кремациялық пештердің саны аза тұту рәсімдерінің санына, халықтың өлім-жітіміне байланысты анықталады. Крематорийдің өткізу қабілеті орташа есеппен бір кремациялауға бір сағат есебінен анықталады.

Крематорийдің салт-жоралар және қызмет көрсету бөліктерінің құрамында мынадай үй-жайлар көзделеді:

1) келушілер мен персоналға арналған вестибюль, санитариялық тораптары, қосалқы және көмекші үй-жайлары бар кіру тобы;

2) аза тұту (салт) залы, шлюзі, патолог-анатом кабинеті, медициналық, қосалқы және көмекші үй-жайлары бар салт-жоралық;

3) бейімделу бөлмесі мен холлы бар үй-жайлардың шығыс тобы;

4) үй-жайлардың көлік тобы.

38. Жерлеуге қатысатын адамдарға арналған үй-жайлар қызмет көрсетуші персоналдың жұмысына арналған үй-жайлардан оқшауланады және олардан санитариялық тораптар үй-жайларының және желдеткіш камераларының (желдеткіш қондырғылар) дыбыс оқшаулауын қамтамасыз етуі керек.

39. Крематорийлердің ғимараттарында ірі көлемді бөлшектер мен басқа да жабдықтарды сақтауға арналған қойма үй-жайлары бар шаруашылық ауласы көзделеді.

40. Крематорийлердің құрамына кіретін барлық үй-жайларды механикалық ынталандырумен жабдықтау және шығару желдету жүйелерімен жабдықталады. Ауаны қайта өңдеу жүйелерін қолдануға жол берілмейді.

41. От жағумен (кремациялаумен) айналысатын адамдар:

1) сіреспе мен сібір жарасына қарсы егіледі;

2) жеке қорғаныш құралдарымен – арнайы киім мен арнайы аяқ киім жиынтығымен (резеңке етік, резеңке қолғап, респиратор немесе ауыз бен мұрынды жабатын дәке таңғыш, комбинезон) қамтамасыз етіледі.

42. Үй жағдайында арнайы киімді жууға және залалсыздандыруға және жөндеуге тыйым салынады, ал жұмыс жүргізу кезінде қолданылатын құрал зираттан тыс жерге шығарылмайды.

43. Ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайлары таза ұсталады. Үй-жайларды ылғалды жинау жинау күніне кемінде бір рет жүргізіледі.

44. Ғимараттар мен құрылыстардың үй-жайларын жинауға арналған жинау мүкәммалын (шүберек немесе шаруашылық сулықтар, шелектер, щеткалар, сүрткіштер және басқалар) сақтауға мынадай талаптар қойылады:

1) таңбалаудың болуы;

2) қатаң түрде қолданылу мақсатына сай пайдаланылады;

3) пайдаланылғаннан кейін жуғыш заттармен ыстық сумен жуылады және кептіріледі;

4) арнайы бөлінген орындарда (үй-жайларда), шкафтарда, сөрелерде немесе арбаларда рет-ретімен сақталады.

45. Арнайы киім жеке киімнен бөлек арнайы киім мен арнайы аяқ киімге арналған киім ілетін орындарда шкафтардың таңбаланған бөлімшелерінде сақталады.

46. Арнайы киімді жуу және жөндеу ластануына және тозуына қарай орталықтанып, бірақ айына 1 реттен сиретпей жүргізіледі.

Инфекциялық аурулар мен аса қауіпті инфекциялардың таралу тәуекелін болдырмау мақсатында арнайы киімді залалсыздандыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № ҚР ДСМ-68 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28977 болып тіркелген) "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес әрбір қолданғаннан кейін жүргізіледі.

47. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар олардың құрылғысы, жабдығы және шығыс материалдарымен қамтамасыз етілуі қолжуғышы бар киім ілетін орындарды, дәретхананы, жұмысшыларды жылытуға, арнайы киімді кептіруге арналған үй-жайларды, тамақтану бөлмесін қоса алғанда жерлеу орындарында және крематорийлерде жұмыс істейтіндердің санына сәйкес келеді.

48. Тамақтану бөлмесі (бар болса) гигиеналық жабыны бар үстелдермен, орындықтармен (орындықтармен), ыдыс-аяқты сақтауға арналған жиһазбен, ыстық және салқын су жеткізілетін раковинамен, ауызсу сапасындағы сумен (ыдыстарға құйылған суға рұқсат етіледі), тоназытқышпен жабдықталады. Электр шәйнектері мен қысқа толқынды пештерді пайдалануға рұқсат етіледі."

16. "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25151 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алуға бағытталған санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді."

17. "Инфекциялық аурулардың (обаның, тырысқақтың) алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 17 қарашадағы № ҚР ДСМ-116 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25254 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Инфекциялық аурулардың (обаның, тырысқақтың) алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Инфекциялық аурулардың (обаның, тырысқақтың) алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленген және инфекциялық аурулардың (обаның, тырысқақтың) алдын алу, оба мен тырысқақтың эпидемиялық ошақтарында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді."

18. "Алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру объектілеріне, алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау шарттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 23 қарашадағы № ҚР ДСМ-123 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25366 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру объектілеріне, алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау шарттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру объектілеріне, алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға

құйылған ауыз суды өндіру және сақтау шарттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру объектілеріне (бұдан әрі – объектілер), алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру және сақтау шарттарына қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Объектілерді салуға жер учаскесін таңдау, жобалау, жаңасын салу, жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау және кеңейту, объектілерді жөндеу, пайдалануға енгізу және қайта бейіндеу "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің (бұдан әрі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер), Кодекстің 46-бабының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № ҚР ДСМ-36 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22673 болып тіркелген) бекітілген "Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-36 бұйрығы), осы Санитариялық қағидаларының, гигиеналық нормативтердің, Еуразиялық экономикалық одақтың өнімдеріне (тауарларына) қойылатын техникалық регламенттер және бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға (бұдан әрі-нормалау құжаттары) сәйкес айқындалады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ғимараттардағы, қондырғылар қасындағы жұмыс орындарының физикалық факторларының рұқсат етілген деңгейлері (микроклимат, жарық, шу, діріл, инфра-ультрадыбыс, иондаушы және иондаушы емес сәулелену), жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың, елді мекендердің, қоршаған ортаның (топырақтың) атмосфералық ауасындағы ластаушы заттардың болуы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына сәйкес бекітілетін адамға және қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауаға әсер ететін физикалық факторларға, радиациялық қауіпсіздікті, қоршаған ортаның (топырақтың) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерге және нормалау құжаттарына сәйкес қамтамасыз етіледі.".

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Алкоголь өнімін, алкогольсіз өнімді және ыдыстарға құйылған ауыз суды өндіру процесінде пайдаланылатын сумен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31934 болып тіркелген) "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" және 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады .".

19. "Оқу басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-124 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25657 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оқу басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтерде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Оқу басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтер (бұдан әрі – Гигиеналық нормативтер) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқу басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтерді белгілейді."

20. "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26447 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшадағы объектілер не объектінің аумағынан (өндірістік алаңнан) тыс түзілетін ластану деңгейі рұқсат етілген шекті концентрациядан (бұдан – РЕШК) және (немесе) рұқсат етілген шекті деңгейден (бұдан әрі – РЕШД) 0,1-ден асатын немесе тұрғын үй аймақтарының ластануы үлесі РЕШК 0,1 асатын объектілер халықтың өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері (көздері) болып табылады.

көрсетілген Санитариялық қағидаларға 1-қосымшада толықтырылсын:

45-тармақ мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен мынадай мазмұндағы толықтырылсын:

"10) қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарындағы өндірістің және тұтынудың уытты қалдықтарын орналастыру, залалсыздандыру, көму жөніндегі полигондар және қатты коммуналдық қалдықтар полигондары;"

"11) қуаты жылына 40000 және одан да көп тонна болатын қоқыс (қалдықтар) өртеу , қоқыс (қалдықтар) сұрыптау және қоқыс (қалдықтар) қайта өңдеу объектілері.";

47-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

48-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

50-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген Санитариялық қағидаларға 2-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

21. "Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26831 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:".

22. "Инфекциялық аурулардың (туберкулез) алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 28 наурыздағы № ҚР ДСМ-29 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27348 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Инфекциялық аурулардың (туберкулез) алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Инфекциялық аурулардың (туберкулез) алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және инфекциялық аурулардың (туберкулез) алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді."

23. "Әкімшілік және тұрғын ғимараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ-52 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28525 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Әкімшілік және тұрғын ғимараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

10-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жатақханалардағы санитариялық-техникалық аспаптардың саны: 4-6 адамға 1 себезгі, 1 қолжуғыш және 1 унитаз есебімен көзделеді."

24. "Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 26 шілдедегі № ҚР ДСМ-67 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28925 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы"

Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ыстық және салқын сумен жабдықтау жүйелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31934 болып тіркелген) "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" сәйкес бекітілетін санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің (бұдан әрі – нормалау құжаттары) талаптарына сәйкес судың берілуін қамтамасыз етеді."

25. "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-71 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29012 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтер (бұдан әрі – нормативтер) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерді белгілейді."

26. "Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 4 тамыздағы № ҚР ДСМ-73 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23856 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Техникалық регламенттерге, стандарттау жөніндегі құжаттарға және (немесе) дайындаушының техникалық құжаттамасына сәйкес келмейтін, халықтың денсаулығына қауіп төндіретін тамақ өнімі өткізуге жіберілмейді. Объектілерден өнімді алып қою және (немесе) кері қайтарып алу туралы шешім қабылдау, осындай өнімді кәдеге жарату және жою мүмкіндігі 021/2011 КО ТР, "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнімді (тауарды) алып қоюды және кері қайтарып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 39 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34650 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 140 қаулысымен бекітілген Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесіне сәйкес жүзеге асырылады."

27. "Жіті ішек инфекцияларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 5 қазандағы № ҚР ДСМ-111 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30078 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жіті ішек инфекцияларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Жіті ішек инфекцияларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына

сәйкес әзірленген және жіті ішек инфекцияларының алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді."

28. "Биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алуды, мониторингтеуді жүргізу және болжау (модельдеу) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-143 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30868 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алуды, мониторингтеуді жүргізу және болжау (модельдеу) қағидаларында:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. ПБА тізілімінде "Патогенді биологиялық агенттердің патогендігі және қауіптілік дәрежесі бойынша сыныптамасын ескере отырып, патогенді биологиялық агенттерді аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатындарға жатқызу өлшемшарттарын және патогенді биологиялық агенттердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 13 шілдедегі № 131 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33107 болып тіркелген) олардың патогендігі мен қауіптілік дәрежесі ескеріле отырып, ПБА тізбесіне сәйкес олардың атаулары көрсетіледі."

29. "Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-151 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30928 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өндірістік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру " Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 62 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32276 болып тіркелген) көзделген тәртіппен жүргізіледі."

30. "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31934 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында:

8-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізіміне
1-қосымша
"Адамның өмір сүру ортасы мен
денсаулығына әсер ету
объектілері болып табылатын
объектілердің санитариялық-қорғаныш
аймақтарына қойылатын санитариялық
эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
2-қосымша

"Жеңіл автомобильдерге арналған ашық тұрақтардан (паркингтерден), гараждардан, автомобильдерді жуу орындарынан, жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету объектілерінен (бұдан әрі – ТҚКС) құрылыс салу объектілеріне дейінгі ең аз санитариялық ажырату

№	Оған дейін қашықтық айқындалатын ғимараттар	Санитариялық ажырату, метр					
		жеңіл автомобильдер саны кезінде гараждар, паркингтер және ашық тұрақтардан (паркингтерден)	бекеттер саны кезінде ТҚКС және автомобильдерді жуу орнынан				
		10 және одан аз	11-50	51-100	101-300	10 және одан аз <1>	11-30 <1>
1	2	3	4	5	6	7	8

1	Тұрғын үйлердің қасбеттері мен терезелері бар бүйір жақтары	10	15	25	35	15	25
2	Тұрғын үйлердің терезесі жоқ бүйір жақтары	10	10	15	25	15	25
3	Қоғамдық ғимараттар	10	10	15	25	15	20
4	Жалпы білім беретін мектептер, интернаттық білім беру ұйымдары мен мектепке дейінгі мекемелер, демалуға, ойындар мен спортқа, балаларға арналған алаңдар аумағының шекаралары	15	25	25	50	50	<2>
5	Емдеу мекемелері, жалпыға ортақ пайдаланылатын ашық спорт ғимараттары, халықтың демалыс орындары (бақтар, скверлер, саябақтар), денсаулық сақтау ұйымы аумағының шекаралары	25	50	<2>	<2>	50	<2>

<1> Сырлау, дәнекерлеу, қаңылтыр жұмыстарын орындай отырып, жеңіл автомобильдерді жөндеу және (немесе) оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі объектілерге санитариялық ажырату, өткізу қабілетін ескере отырып, атмосфералық ауадағы ластаушы заттар шығарындыларының шашырауы және физикалық әсер ету деңгейлері есептерінің негізінде айқындалады, бірақ кемінде 50 м. болады.

<2> Санитариялық ажырату атмосфералық ауадағы ластаушы заттар шығарындыларының таралуын және жеңіл автомобиль тұрақтарының (паркингтердің) өткізу қабілетін ескере отырып, физикалық әсер ету деңгейлерін есептеу негізінде айқындалады, бірақ кемінде 50 м. болады.

Ескертпелер:

1. Арақашықтықты тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың терезелерінен және жалпы білім беретін мектептердің, интернаттық білім беру ұйымдарының, мектепке дейінгі ұйымдар мен пациенттер тәулік бойы болатын стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының жер учаскелері шекараларынан гараждардың, паркингтердің, ТҚК және автожуу орындарының қабырғасына, ашық тұрақтың шекарасына дейін айқындау керек. Ашық типтегі автотұрақ (паркинг) деп кемінде ең үлкен ұзындықтың қарама-қарсы жақтары ашық құрылыс та саналады. Егер жақ бойынша бөлінген саңылаулардың жалпы алаңы әр қабатында (қабат) осы жақтың сыртқы бетінің кемінде 50 % құрайтын болса, жақ ашық деп саналады.

2. Секциялық тұрғын үйлерден қасбеттің ұзына бойына орналастырғанда 101-300 машина сыятындай ашық алаңдарға дейінгі арақашықтықты кемінде 50 м деп қабылдау керек.

3. Кестеде көрсетілген отқа төзімділігі I-II дәрежелі гараждар үшін арақашықтықты гараждарда ашылатын терезелер, сондай-ақ тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттар жағына бағытталған кіру жолдары болмаған кезде 25 %-ке қысқартуға жол беріледі.

4. Сыйымдылығы 300 машина-орыннан артық жеңіл автомобильдерді сақтауға арналған гараждар мен ашық тұрақтар (паркингтер) және жеңіл автомобильдерді жөндеу және (немесе) оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі объектілер бекеттер саны 30 бірліктен артық болған кезде тұрғын үйлерден кемінде 50 м қашықтықта өндірістік, коммуналдық-қойма, санитариялық-қорғаныш аумағында тұрғын үй аудандардан тыс орналастырылуы тиіс.

5. Жерасты, жартылай жерасты гараж-тұрақтар, паркингтер мен тұрғын үйдің астында немесе тұрғын үйдің жер беті қабатының ішіне салынған (ішіне салынған-жалғастыра салынған), гараж-тұрақтары, паркингтер үшін кіру-шығудан және желдеткіш шахтадан жалпы білім беру, кәсіптік білім беру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, сондай-ақ, медициналық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар,

тұрғын үйлер, тұрғын үй-жайлар, демалу алаңдары және басқаларының аумағына дейінгі арақашықтық регламенттеледі, ол атмосфералық ауаға ластанудың тарауы есептеу нәтижелері және физикалық әсердің деңгейі бойынша қабылданады.

6. Тұрғын үйлердің жеңіл автокөлікті орналастыруға арналған және заңды тұлғаға (немесе жеке кәсіпкерге) тиесілі емес қонақ автотұрағынан жерасты гараж-тұрағы аумағынан ара қашықтық белгіленбейді.

7. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың астында орналасқан жерасты гараж-тұрақтарынан шыққан желдету шығындылары ғимараттың ең биік бөлігінің төбесінен 1,5 м жоғары ұйымдастырылады.

8. Жерасты гараж-тұрағының жобаланатын, пайдаланылатын шатырында желдеткіш шахталарынан, кіру-шығу жолдарынан, өту жолдарынан 15 м қашықтықта пайдаланылатын шатырды көгалдандыру және атмосфераға шығарылатын сағада ШРЕК қамтамасыз ету шартымен демалыс алаңдарын, балалар, спорт, ойын алаңдарын және басқа да құрылыстарды орналастыруға жол беріледі.

9. Тұрғын үй құрылысын салу жаңадан орналастырылған темір жолдан шеткі теміржол жолы ортасынан санай отырып ені 100 м кем емес санитариялық ажыратумен ажыратылады. Темір жолдарды ойыққа орналастырған кезде немесе гигиеналық нормативтерді сақтауды қамтамасыз ететін шудан қорғайтын арнайы іс-шараларды жүзеге асырған кезде санитариялық ажыратудың енін 50 м азайтуға жол беріледі. Бақша учаскелерінің шекараларына дейінгі санитариялық ажыратудың ені кемінде 50 м болуы керек.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізіміне
2-қосымша
"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су
мақсаты үшін су жинау
орындарына, шаруашылық-ауыз
сумен жабдықтауға және суды
мәдени-тұрмыстық пайдалану
орындарына және су
объектілерінің қауіпсіздігіне
қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық
талаптар"
санитариялық қағидаларына
8-қосымша

Жерасты суының санитариялық қорғау аймағының екінші белдеуінің шекараларын есептеу үшін микробтық ластанудың ілгерілеу уақыты

		Тм (тәулігіне)	

№	Гидрогеологиялық жағдайлар	I және II климаттық аудандар шегінде	III және IV климаттық аудандар шегінде
1	2	3	4
1	Жеткіліксіз қорғалған жерасты суы (жерасты суы, сондай-ақ ашық су айдынымен тікелей гидравликалық байланысы бар арынды және арынсыз қабат аралық су)	400	400
2	Қорғалған жерасты суы (ашық су айдынымен тікелей гидравликалық байланысы жоқ арынды және арынсыз қабат аралық су)	200	100

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК